

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 171 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 2 мамырда № 5125 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 16.04.2020 № 171 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 4 қазанындағы № 408 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17583 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" 2018 жылғы 15 маусымындағы № 288 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4754 тіркелген, 2018 жылдың 27 маусымында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы "29" сәуір № 171 қаулысына қосымша

Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемі

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 (бір) килограмм өнімін өндіруге жұмсалатын азық шығынының нормативі (кг)	Балық азығының 1 (бір) кг үшін тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)	Субсидияланатын көлемі (тонна)	Шығыны (%)	Субсидиялар сомасы (мың.теңге)
1)	Албырт және оның буданы	кг	1,2	270	273,3	30	29 155,2
2)	Бекіре және оның буданы	кг	1,5	285	14,6	30	1 556,4
3)	Тұқы және оның буданы	кг	4,0	105	94,6	30	10 084,4
Барлығы					382,5		40 796,0